

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1556. Күшін жойды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.03.12. N 233 қаулысымен. ~P990233

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі қызметінің тиімділігін арттыру және құрылымын оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің құрылымы аппарат қызметкерлерінің шекті санына сүйене отырып 297 адам болып 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігіне екі вице-министр, сондай-ақ 17 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.09.16. N 898 қаулысымен.
P980898_

4. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің аппараты үшін 11 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін

5. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің қарауында қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес мекемелер мен ұйымдардың болатыны назарға алынсын (2-қосымша).

6. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау

министрлігіне Міндетті медициналық сақтандыру қорының қызметін жергілікті атқарушы органдармен, медициналық ұйымдармен және сақтандырылған азаматтарға дәрігерлік қызмет көрсету жөніндегі медициналық қызметпен айналысатын тұлғалармен өзара қарым-қатынасты үйлестіру тапсырылсын.

7.

<*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.01.29. N 70 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 12 қарашадағы
N 1556 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және
денсаулық сақтау министрлігі
(Білім, мәдениет және денсаулықмині) туралы

ЕРЕЖЕ

I. Миссиясы

Қоғамның рухани дамуын, ұлттық білім беру жүйесінің тиімді қызметін денсаулық сақтауды қамтамасыз ету, салауатты өмір салтын ынталандыру.

II. Қызметінің басымдықтары

- * Білім беруде, мәдениетте, денсаулық сақтауда, туризм мен спортта және Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің басқа да қызмет салаларында реформалар жүргізу.
- * Білім берудің барлық деңгейінде сапаны арттыру.
- * Арулардың алдын алу және салауатты өмір салтын ынталандыру.
- * Ұлттық мәдени игіліктерді сақтау және молайту.
- * туризмді дамыту.

III. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрлік білім, мәдениет, денсаулық сақтау, туризм және спорт салаларында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады.

2. Министрлік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Министрлік тиісті аумақтық органдардың қызметін үйлестіреді және ведомстволық бағынысты мекемелер мен ұйымдарға басшылық жасайды.

4. Министрліктің аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте орталық атқарушы органдарды ұстауға көзделген қаражаттың есебінен жүзеге асырылады.

5. Министрліктің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

IV. Министрліктің міндеттері, функциялары және құқықтары

6. Министрліктің негізгі міндеттері:

білім, мәдениет, денсаулық сақтау, туризм және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру;

білім, мәдениет, денсаулық сақтау, туризм және спорт саласындағы жекешелендіру бағдарламасын әзірлеу мен іске асыруға қатысу;

азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында кепілдік берілген тегін орта білім алуын қамтамасыз ету;

елде санитарлық-эпидемиологиялық игілікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды ұйымдастыру және олардың орындалуын бақылау;

ведомстволық бағынысты мекемелер мен ұйымдардың материалдық-техникалық және ғылыми-өндірістік базасын дамыту;

кадрлар даярлау, біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау;

Министрлік құзыретінің шегінде халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру және дамыту.

7. Министрлік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды атқарады:

білімді, мәдениетті, денсаулық сақтауды, туризм мен спортты дамытудың тұжырымдамаларын, стратегияларын, мемлекеттік бағдарламаларын және даму жоспарын әзірлейді, заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

Үкіметтің тапсырмасы бойынша білім, мәдениет, денсаулық сақтау, туризм

және спорт саласындағы халықаралық келісімдердің жобаларын әзірлеуге, келісім-шарт жасауға қатысады және оларға қол қояды;

білімнің барлық деңгейін жалпыға бірдей міндетті (мемлекеттік) стандартын әзірлейді және бекітеді. Шетелдік несиелер мен инвестицияларды тарту және пайдалану жөнінде ұсыныстар енгізеді;

оқыту технологиялары саласында, білімді информатикаландыруды, бірінші кезекте мектептерді компьютерлендіруді қамтамасыз етеді, инновациялық саясатты жүргізеді;

меншік нысанына қарамастан, заңдарда белгіленген тәртіппен, республиканың жоғары және орта арнаулы оқу орындарын лицензиялауды, мемлекеттік аттестациялауды және аккредитациялауды, білім беру, медициналық, туристік қызметтерді, археологиялық және тарих пен мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру жұмыстарын лицензиялауды жүзеге асырады, оқу орындарын лицензиялауға, аттестациялауға және аккредитациялауға арналған нормативтер мен үлгі ережелерді (нұсқауларды, регламенттерді) әзірлейді және бекітеді, білім беру, фармацевтикалық және санитарлық-эпидемиологиялық, сондай-ақ басқа да қызмет түрлеріне министрлік құзыретінің шегінде лицензиялар береді;

республикалық бюджет есебінен шетелде білім алып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын қорғайды;

кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыстың көлемін айқындауға қатысады және оларды жоғары оқу орнынан кейінгі білімді қоса есептегенде (ведомстволық оқу орындарын қоспағанда), жоғары оқу орындарына орналастыруды жүзеге асырады;

меншік нысанына қарамастан оқу орындарына арналған білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды әзірлейді және бекітеді, халықаралық шарттардың негізінде олардың сәйкестігін айқындайды. Қазақстан Республикасының аумағында білім туралы шетел құжаттарын тану (нострификация) мәселелерін шешеді;

денсаулық сақтауды, фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамыту жөніндегі шараларды әзірлейді, халыққа дәрі-дәрмекпен көмектеседі;

мүдделі ұйымдармен бірлесіп республикалық, халықаралық жарыстарды және кешенді шараларды жүргізуді қамтамасыз етеді.

8. Өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін Министрлік белгіленген тәртіппен:

жоғары және арнаулы орта оқу орындарының басқа да ведомстволық бағынысты мекемелер мен ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға;

облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана әкімдерінің тиісті білім, мәдениет және денсаулық сақтау басқармаларының және туризм мен спорт

комитеттерінің басшыларын лауазымдарға тағайындауына және босатуына келісім беруге; <*>

меншік нысандарына қарамастан, белгіленген тәртіппен органдардан, ұйымдардан және лауазымды адамдардан Министрлік құзыретінің мәселелері бойынша ақпарат сұрауға және алуға;

баспа қызметімен айналысуға, ведомстволық журналдар, газеттер, басқа да баспасөз және электронды бұқаралық ақпарат құралдарын иеленуге;

арнаулы орта, жоғары оқу орындары және басқа мекемелерді, ұйымдар мен кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізуге, мемлекеттік мекемелердің, ұйымдардың, кәсіпорындардың құрылтайшысы болуға, олардың жарғыларын бекітуге;

меншік нысанына қарамастан білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, туризм және спорт мекемелерінің қызметін лицензиялауға;

білім, мәдениет, денсаулық сақтау, туризм және спорт мекемелерін, ұйымдарын және кәсіпорындарын инспекциялауға;

ведомстволық бағынысты ұйымдарда бюджеттік және бюджеттен тыс қаржылардың қалыптасуы мен пайдаланылуының дұрыстығы мен тиімділігіне тексеру жүргізуге;

қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ мемлекеттік нысаналы және кешенді бағдарламаларды іске асыру бойынша Министрліктің құзыреті шегінде салааралық жеке аймақаралық үйлестіруді жүзеге асыруға құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақтың 3-абзацы жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.08.03. N 735 қаулысымен. P980735_

V. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

9. Министрлікке Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Министр басшылық етеді. Министрдің екі вице-министрі болады, оларды Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Міндетті медициналық сақтандыру қорының Бас директоры, комитеттердің төрағалары және басқа да құрылымдық бөлімшелердің (заңды тұлға құқығындағы) басшыларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитарлық Бас дәрігерін Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

10. Министр министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Министрлікке жүктелген тапсырмалардың орындалуына және өз

міндеттерін жүзеге асыруына, стратегиялық жоспар тапсырмаларының орындалуына дербес жауап береді.

11. Осы мақсатта Министр:

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес барлық органдар мен ұйымдарда Министрлікті білдіреді;

комитеттер (заңды тұлға құқығындағы) туралы ережелерді қоспағанда, Министрліктің қызметін қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді бекітеді;

комитеттердің, департаменттердің және басқармалардың қызметіне басшылық жасайды;

Міндетті медициналық сақтандыру қорының жергілікті атқарушы органдарымен, медициналық ұйымдармен және сақтандырылған азаматтарға медициналық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын тұлғалармен өзара қарым-қатынасын реттейді;

өз құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

12. Министрлікте құрамына Министр, вице-министрлер, Міндетті медициналық сақтандыру қорының Бас директоры, комитеттердің төрағалары және басқа да құрылымдық бөлімшелердің басшылары кіретін алқа құрылады.

Алқаның құрамына өзге де тұлғалар кіруі мүмкін.

Алқаның сандық құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі, жеке құрамын - Министр белгілейді.

Алқаның шешімдері хаттамалармен, қаулылармен ресімделеді және бұйрықпен бекітіледі.

13. Орталық аппарат қызметкерлерінің қызметтік және лауазымдық міндеттері мен Министрліктің Жұмыс регламентін Министр бекітеді.

14. Министрлік заңды тұлға болып табылады және оның банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі болады.

15. Министрлік заңдарда белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылады және таратылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 12 қарашадағы
N 1556 қаулысына
1 қосымша

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және
денсаулық сақтау министрлігінің

ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Білім комитеті (заңды тұлға құқығында)

Мәдениет комитеті (заңды тұлға құқығында)

Денсаулық сақтау комитеті (заңды тұлға құқығында)

Туризм және спорт комитеті (заңды тұлға құқығында)

Экономика және қаржы департаменті

Әкімшілік департаменті

Астана қаласындағы Өкілдігі (заңды тұлға құқығынсыз)

<*>

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.09.14. N 883
қаулысымен.

P980883_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 12 қарашадағы
N 1556 қаулысына
2 қосымша

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және
денсаулық сақтау министрлігінің қарауындағы
мекемелер мен ұйымдардың
ТІЗБЕСІ

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 1998.03.24. N 256
қаулысымен.

P980256_

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІ

Жоғары оқу орындары

Ақмола аграрлық университеті
Л.М.Гумилев атындағы Еуразия университеті
Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті
"Семей" мемлекеттік университеті
О.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті
Дәулеткерей атындағы Батыс Қазақстан өнер институты
Батыс Қазақстан аграрлық университеті
Пушкин атындағы Батыс Қазақстан гуманитарлық университеті
Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды металлургия институты
Қарағанды мемлекеттік политехникалық университеті
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Қостанай мемлекеттік университеті
Қостанай ауыл шаруашылығы институты
Рудный индустриялық институты
Ш.Есенов атындағы Ақтау университеті
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Солтүстік Қазақстан университеті
Шығыс Қазақстан техникалық университеті
І.Жансүгіров атындағы Талдықорған университеті
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогика институты
Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті
Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясы
Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы
Т.Жүргенов атындағы мемлекеттік театр және кино институты
Қазақтың сәулет-құрылыс академиясы
Қазақ мемлекеттік басқару академиясы
Қазақ мемлекеттік көркемсурет академиясы
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты
Қазақтың дене тәрбиесі институты
Қазақтың ұлттық техникалық университеті
Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті
Алматы технологиялық институты
Алматы энергетика және байланыс институты
Қазақтың мемлекеттік заң университеті
Абылай хан атындағы қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және

әлем тілдері университеті

<*>

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті

<*>

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

<*>

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

<*>

Атырау мұнай және газ университеті

<*>

Арнаулы орта оқу орындары (колледждер)

К.Байсейітова атындағы республикалық музыка колледжі

П.И.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі

Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжі

Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі

Республикалық көркемсурет колледжі

Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі

Х.Мұңайтпасов атындағы Республикалық спорт колледжі

№ 2 республикалық спорт колледжі

Кентау экономикалық колледжі

Жамбыл қазақ-түрік есеп-экономика колледжі

Ақтөбе темір жол көлігі колледжі

Түлкібас агробизнес және туризм колледжі

Мектеп-интернаттар

Шымкент республикалық әскери мектеп-интернаты

Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернаты

Б.Момышұлы атындағы Республикалық Алматы әскери мектеп-интернаты

А.Жұбанов атындағы Республикалық қазақ музыкалық орта мектеп-интернаты

Басқа мекемелер

Республикалық Оқушылар сарайы

Білім беру жүйесінің басқару және ғылыми-педагогтік кадрларының біліктілігін көтеру республикалық институты

Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы

<*>

"Тұран" республикалық білім беру орталығы

Ақыл ой және дене кемістігі бар балалар мен жасөспірімдердің элеуметтік бейімделу және кәсіптік-еңбекке оңалту республикалық ғылыми-өнеркәсіп орталығы

Оқу-ғылыми физика-технологиялық орталығы

Оқу-ғылыми өндірістік орталығы. Ақтөбе қаласы (Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының филиалы)

Қазақтың дене тәрбиесі институтының біліктілік көтеру курсы

Жану проблемалары институты (басқа ұйымдар)

Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана

Республикалық "Ғылыми-тәжірибе бірлестігі" кәсіпорны

Мектеп жиһаздарын жасау және жөндеу жөніндегі республикалық бірлестік (шаруашылық жүргізу құқығында)

Азиялық даму банкінің жобаларын үйлестіру бөлімі (заем қаражаты есебінен қаржыландырылады)

Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің шаруашылық басқармасы (шаруашылық жүргізу құқығында)

Республикалық "Қазақбілімжабдықтау" өндірістік бірлестігі

1-ЖҚБ-мен бірге (шаруашылық жүргізу құқығында)

2-ЖҚБ (шаруашылық жүргізу құқығында)

Республикалық білім берудің мемлекеттік стандарттары орталығы

<*>

Білім беруді информатикаландырудың республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы

<*>

"Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы

<*>

МӘДЕНИЕТ МЕКЕМЕЛЕРІ

Театрлар

Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры

М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры

Лермонтов атындағы орыс мемлекеттік академиялық драма театры

Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақтың балалар мен жасөспірімдерге арналған театры

Мемлекеттік қуыршақ театры

Сац атындағы орыстың мемлекеттік балаларға және жасөспірімдерге арналған театры

Мемлекеттік республикалық ұйғыр музыкалық комедия театры

Мемлекеттік республикалық корей музыкалық комедия театры

Республикалық неміс драма театры

Концерттік ұйымдар

Қазақконцерт қазақ мемлекеттік гастрольдық-концерттік бірлестігі

Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясы

Мемлекеттік классикалық би ансамблі

"Салтанат" мемлекеттік ансамблі

"Гүлдер" мемлекеттік ансамблі

"Қазақстан Камератасы" мемлекеттік ансамблі

Құрманғазы атындағы қазақ мемлекеттік халық аспаптар оркестрі

Мұражайлар

Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық мұражайы

Ә.Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер мұражайы

Ықылас атындағы республикалық музыкалық халық аспаптары мұражайы

Алтын және бағалы металдар мұражайы

Республикалық кітап мұражайы

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау тарихы мұражайы

Кітапханалар

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы
Жамбыл атындағы мемлекеттік республикалық жасөспірімдер
кітапханасы
С.Бегалин атындағы мемлекеттік республикалық балалар кітапханасы
Соқыр және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық
кітапхана

Басқа мекемелер

Республика Сарайы
"Қазақ мемлекеттік циркі" қазыналық кәсіпорны
"Материалдық мәдениет ескерткіштерінің ғылыми-зерттеу және
жобалау институты" қазыналық кәсіпорны
Кинобейнефильмдерді уақытша пайдалану және қалпына келтіру
жөніндегі республикалық өндірістік бірлестік
"Саз" дыбыс жазу фирмасы
Ұлттық продюсерлік орталық
Ш.Айманов атындағы қазақ кинофабрикасы
Республикалық мемлекеттік жөндеу-құрылыс және қайта жаңғырту
басқармасы (шаруашылық жүргізу құқығында)
Шаруашылық есептегі жабдықтау орталығы
Республикалық құрылыс және қайта жаңғырту басқармасы
Халықаралық мәдени бағдарламалар дирекциясы
Үй-жайлар мен ғимараттар басқармасы
Қазақ мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу институты

<*>

СПОРТ

Спорттың ойын және қысқы түрлері бойынша жоғары спорттық
шеберлікке баулу жөніндегі республикалық мектеп
Спорттың қолданбалы түрлері бойынша жоғары спорттық шеберлікке
баулу жөніндегі республикалық мектеп
Спорттың қолданбалы түрлері бойынша республикалық жоғары спорттық
шеберлік мектебі
Олимпиялық резерв Республикалық мамандандырылған
балалар-жасөспірімдер мектебі

Спортшылардың допингке қарсы республикалық зертханасы

<*>

Спорт резервін даярлау жөніндегі республикалық оқу-жаттықтыру орталығы

<*>

Спорт ғимараттары

"Монтажник" спорт-сауықтыру кешені

"Медеу" спорт-сауықтыру кешені

Орталық стадион

Балуан Шолақ атындағы мәдениет және спорт сарайы

Орталық жүзу бассейні

"Достық" оқу-спорт кешені

Жоғары спорттық шеберлікке баулу жөніндегі республикалық мектептің ат-спорт базасы

"Бутаковка" оқу-жаттығу кешені

Республикалық яхта-клубы

Басқа мекемелер

Штаттық ұлттық командалар дирекциясы

"Қазақспортжабдықтау" басқармасы

"Спортлото" аймақтық кәсіпорны

Талдықорғанның "Жетісу" стадионы

Ақтөбе қалалық спорттық кешені

Н.Әбдіров атындағы Қарағанды спорт комбинаты

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

"Медсанкөлік жабдықтау" мемлекеттік кәсіпорны

Шығыс және қазіргі заманғы медицинаның шаруашылық есептегі республикалық ғылыми-практикалық орталығы

Салауытты өмір мәселелері жөніндегі ұлттық орталық

Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен мүгедектерінің республикалық госпиталі

Республикалық клиникалық психиатриялық аурухана

Республикалық қатаң бақылаудағы психиатриялық ауруханасы
Қазақ республикалық лепрозориі
"Ақсай" республикалық балалар ауруханасы
"Балбұлақ" республикалық балаларды оңалту орталығы
Республикалық емхана
Республикалық қан орталығы
"Бурабай" республикалық балалардың өкпе аурулары санаториі
"Бурабай" республикалық өкпе ауруларының санаториі
"Алатау" Республикалық балалар санаториі
Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станция
Тырысқаққа қарсы ғылыми-зерттеу институты
Тырысқаққа қарсы Атырау станциясы
Тырысқаққа қарсы Арал теңізі станциясы
Тырысқаққа қарсы Ақтөбе станциясы
Тырысқаққа қарсы Орал станциясы
Тырысқаққа қарсы Талдықорған станциясы
Тырысқаққа қарсы Маңғыстау станциясы
Тырысқаққа қарсы Қызылорда станциясы
Тырысқаққа қарсы Шымкент станциясы
Орталық санитарлық-эпидемиологиялық жол станциясы
Батыс Қазақстан санитарлық-эпидемиологиялық жол станциясы
Ақмола санитарлық-эпидемиологиялық станциясы
Әуе көлігіндегі санитарлық-эпидемиологиялық станция
Республикалық дәрігерлік-дене шынықтыру диспансері
Республикалық сот медицинасының орталығы
Орталық есту органдарын протездеу лабораториясы
СПИД жөніндегі республикалық орталық
Республикалық арнаулы медициналық қамтамасыз ету базасы
Қазақтың кардиология ғылыми-зерттеу институты
Академик Б.Жарбосынов атындағы урологиялық ғылыми орталығы
Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты
Қазақ өкпе аурулары ғылыми-зерттеу институты
Республикалық ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі
ғылыми-зерттеу орталығы
Қазақтың көз аурулары ғылыми-зерттеу институты
Н.А.Сызғанов атындағы хирургиялық ғылыми орталық
Тері-венерологиялық ғылыми-зерттеу институты
Педиатрия және балалар хирургиясының ғылыми орталығы
"Стоматология" республикалық ғылыми-клиникалық орталығы

Апат жөніндегі медицина орталығы
Медициналық және экономикалық проблемалар ғылыми орталығы
Республикалық урология ғылыми-зерттеу институтының филиалы,
Қызылорда қаласы

Республикалық ғылыми-медициналық кітапхана
Республикалық ғылыми-әдістемелік орталық
"Дезинфекция" АҚ
Қоғамдық денсаулық сақтау мектебі
Қазақ мемлекеттік медицина институты
Ақмола мемлекеттік медицина академиясы
Ақтөбе мемлекеттік медицина академиясы
Қарағанды мемлекеттік медицина академиясы
Семей мемлекеттік медицина академиясы
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы
Орта медицина және фармацевтика қызметкерлерін даярлайтын
республикалық колледж
Алматы дәрігерлердің білімін жетілдіру институты
Гигиена және эпидемиология ғылыми орталығы

<*>

Семей қаласындағы радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу
орталығы

<*>

Газеттер мен журналдардың редакциялары

"Қазақстан мұғалімі" газетінің редакциясы
"Учитель Казахстана" газетінің редакциясы
"Спорт" газетінің редакциясы
"Қазақстан мектебі", "Қазақстан тарихы" журналының редакциясы
"Бастауыш мектеп" журналының редакциясы
"От басы және балабақша" журналының редакциясы
"Вестник высшей школы" журналының редакциясы, "Ізденіс-Поиск"

қосымшасы

"Қазақстан жоғарғы мектебі" журналының редакциясы
"Қазақ тілі мен әдебиеті" журналының редакциясы қосымшасы -
"Ұлағат"
"Русский язык и литература в казахской школе" журналының
редакциясы

"Здравоохранение Казахстана" журналының редакциясы
"Денсаулық" журналының редакциясы
"Информатика, физика, математика" журналының редакциясы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 12 қарашадағы
N 1556 қаулысына
3 қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған
кейбір шешімдерінің

ТІЗБЕСІ

"Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 сәуірдегі N 559 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 сәуірдегі N 692 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 878 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 22, 194-құжат);

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 19 тамыздағы N 1268 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және функционалдық қамтамасыз ету департаменті жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 19 тамыздағы N 1269 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 38, 364-құжат);

<*>

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 19 тамыздағы N 1268 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 3 қазандағы N 1412 қаулысы.

ЕСКЕРТУ. 3-қосымшаның 6-абзацы күшін жойды - ҚРҰ-нің 1997.11.25.
N 1656 қаулысымен. P971656_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ